



«SHAM EDU»  
БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

040707, Алматы, Іле ауданы,  
Суворова 13а  
Тел: 8 (776) 495-90-94  
E-mail: sham\_edu\_kz@mail.ru

040707, Алматы, Илийский район  
Суворова 13а  
Тел: 8 (776) 495-90-94  
E-mail: sham\_edu\_kz@mail.ru

№01-1/001

20 қазан 2025 жыл

Білім басқармалары  
Білім бөлімдері  
Мектеп және балабақша басшыларына

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

«SHAM EDU» білім беру орталығы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығында айқындалған тәрбиелік бағыттарға сүйене отырып балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында Республикалық «**Менің Елім – Қазақстан!**» атты онлайн байқауы өтетіндігін хабарлайды.

Байқауға қатысу үшін **жұмыстар 2025 жылдың 25-қарашаға дейін қабылданады**. Байқау қорытындысы 28-қараша күні жолданады.

**Байқаудың мақсаты:** балалар мен жасөспірімдер шығармашылық қабілеттерін дамытып, өнер-білімге деген құштарлығын арттыру.

**БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

Байқауға:

- балабақша тәрбиеленушілері;
- мектепалды даярлық сыныптарының оқушылары;
- 1-11 сынып оқушылары қатыса алады.

**Байқауға қатысу шарттары**

- Байқауға қатысу **ерікті түрде** жүргізіледі.

Байқауға төмендегі жеті номинацияның бірін тандап қатысуға болады (бір қатысушы бір номинацияға ғана қатыса алады және бір қатысушы бір жұмыс қана жібереді):

- 1) «**Менің туған өлкемнің тарихы**» - оқушы жетекшісімен бірге туған жерінің тарихы мен белгілі тұлғалары жайлы деректер жинап, зерттейді. Жиналған мәліметтер негізінде шағын эссе немесе әңгіме жазып, қосымша тарихи орындардың суреттерін немесе иллюстрациясын қоса алады. Балабақша және бастауыш сынып

меГ - 2025 - 03894538

05. 11. 2025 н.

оқушылары туған жері туралы сурет салып, өз өлкесі жайлы шағын әңгіме жазады.

- 2) **«Абайға тағзым»** - оқушы Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінен ой түйіп, шығармашылығымен танысып, өзі ұнатқан өлеңін мәнерлеп оқиды. Қосымша ақынның идеяларына сүйене отырып, өз ойын эссе немесе арнау түрінде жеткізеді. Балабақша және бастауыш сынып оқушылары Абайдың қысқа өлеңдерін жаттап, мәнерлеп оқиды немесе Абай бейнесінің суретін салады.
- 3) **«Менің Отаным – Қазақстан!»** – оқушы Республика күніне орай туған еліне деген сүйіспеншілігін шығармашылық түрде көрсетеді. Бұл бағытта өлең, эссе, сурет, коллаж, бейнежоба немесе сахналық көрініс ұсынуға болады. Балабақша және бастауыш сынып оқушылары отан туралы шағын тақпақ айтып, әңгіме дайындай алады.
- 4) **«Ұлттық дәстүр – ұрпақ қазынасы»** - оқушы қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын зерттеп, олардың қазіргі өмірмен байланысын шығармашылық тұрғыда сипаттайды. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды сурет, иллюстрация арқылы дәріптеп, қалауына қарай дәстүрді сахналық көрініс түрінде көрсете алады.
- 5) **«Болашаққа бағдар»** - оқушы өзінің арман-қиялын, болашақтағы Қазақстанды қалай елестететінін сипаттап, ел дамуына қосатын үлесін шығармашылық туынды арқылы жеткізеді. Балабақша және бастауыш сынып оқушылары бұл жұмысын сурет немесе шағын арман-әңгіме түрінде ұсынса, жоғары сынып оқушылары эссе немесе ой толғау дайындай алады.
- 6) **«Би – ұлт рухы»** - оқушы ұлттық би өнері арқылы қазақ халқының мінезін, салтын, мәдениетін бейнелейді. Заманауи би элементтерін ұлттық нақышпен үйлестіріп, шығармашылық көзқарасын таныта алады.
- 7) **«Саз құдіреті»** - оқушы туған жерге, елге, тілге, ұлттық құндылықтарға арналған ән орындайды немесе өзі шығарған әнін ұсына алады. Қазақтың халық әндері мен композиторлардың туындыларын орындау арқылы музыкалық мұраға құрмет көрсетеді.

Жіберілген жұмыстар әділқазы алқасы мүшелері тарапынан тексеріліп, I, II, III дәрежелі жүлделі орындармен марапатталады. Дайындаған жетекшілерге Алғыс хат беріледі.

- Байқауға қатысу жарнасы **1200 (мың екі жүз) теңге.**

**Эсеге қойылатын талаптар:** мәтін MS Word форматында, 2 беттен артық емес, кегл өлшемі 14, аралық интервал 1.0, шрифт Times New Roman, беттердің барлық жағынан өлшемі 20 мм.

Қатысушылар жазған жұмыстарын, жаттаған өлеңдерін немесе салған суреттерін [sham\\_edu\\_kz@mail.ru](mailto:sham_edu_kz@mail.ru) электрондық мекен-жайға немесе WhatsApp номеріне +7 776 495 90 94 жолдауы тиіс. Жұмыс жіберу кезінде қатысушының немесе жетекшінің аты-жөні қатесіз жазылуы қажет. Қате жолданған жағдайда ұйымдастырушылар жауапкершілік алмайды.

**Байқауға қатысу үшін сұраныс:**

Қатысушының аты-жөні	
Мектебі/балабақшасы	
Сыныбы/тобы, жасы	
Жетекшісінің аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Байланыс телефоны	
Электронды почтасы	

**Төлем реквизиттері:**


Ақша аударымдары үшін есепшот номері:  
БИН: 010515600477 «SHAM EDUCATION»  
«KASPI BANK» есепшот: KZ50722S000048461306  
КБЕ:19

Төлем жасау үшін +7 776 495 90 94 номеріне жазып, төлем сілтемесін алуға болады.  
Электронды почта: [sham\\_edu\\_kz@mail.ru](mailto:sham_edu_kz@mail.ru)  
тел: +7 776 495 90 94

Директор



А.Сәрсенбаева



**МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі «SHAM EDU» білім беру орталығының 2025 жылы 5 қараша ЖТ-2025-03894538 санды хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 3 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы**



**М.Сванов**

Орындаған: Г.Абдиева  
Телефон: 87474736727